

ҚАРАҒАНДЫ МЕМЛЕКЕТТІК МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ
ТЕРАПИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ОРТОПЕДИЯЛЫҚ СТОМАТОЛОГИЯ
КАФЕДРАСЫ

СӨЖ

Тақырыбы: «Тірек тістерді егеу ерекшелігі.
Дайындаудың клиникалық кезеңдері».

Орындаған: Ергашева Г.С
Тексерген: Аубакиров С.Е

Қарағанды 2016ж

Жоспар:

- Кіріспе;
- 1. Тірек тістерді егеу;
- 2. Сауытқа арнап тірек тістерді егеуді белгілі ретпен жүргізеді;
- 3. Тірек тістерді егеуде дайындаудың клиникалық кезеңі;
- Қорытынды;
- Қолданылған әдебиеттер.

Кіріспе:

- Көпір тәрізді тіс протездері тіс-жақ жүйесінің, тіс қатарының кетігі немесе ақауы болғанда, бұзылған шайнау мен сөйлеу қызметтерін орнына келтіру үшін қолданылады. Асқазан-ішек жолдарының ауруларының алдын алуды қамтамасыз етумен қатар, психиканың өзгеруіне де әсерін тигізеді. Көпір тәрізді протездің екі немесе одан да көп тіректері болуы мүмкін.

Тірек тістерді егеу

- Көпір тәрізді протезге арнап тірек тістерді егеудің өзіндік ерекшеліктері бар. Бұл кезде тістің қатты тіндері көп мөлшерде егеледі /1,5-2мм-ге дейін/, егеу үшін тістерді жансыздандырып алу керек. Тиімді жансыздандыру интралигаментті жансыздандыру жатады. Анестетик тістің байламына еңгізіледі. Бұл әдіс көбіне тістерді егеу кезінде қолданылады.

- Тірек тістердің қатты тіндерін көп мөлшерде егеу үшін салқын сулық немесе ауалы сулы мұздатқыш әсері бар бор қолданылады. Тірек тістерді тереңдетіп егеу тіс ұлпасының зақымдану қауіпін жоғарылатады, сондықтан әр тістің қауіпсіздік аймақтарын білу қажет.

- Аболмасов алдыңғы тістердің қауіпсіздік аймақтарын зерттеген. Автор бойынша, жоғарғы және төменгі жақ күрек тістерінде олар кесу қырында, тіс мойнының және экватор деңгейінде оральді және вестибулярлы бетінде орналасқан. Ең қауіпті аймақ –тістің төмпешігі мен кесу қырының айналасындағы оральді ойық.

- И.Г Аболмасов бойынша, екі жақтың да алдыңғы тістердің кесу қыры қалың, төменгі жақтың медиальді және дистальді бетінде қабырғаларының қалыңдығы азырақ, сондықтан осы тістерді егеу тереңдігі 0,5-0,8 мм аспау керек.
- Бүйір тістердің /премоляр және моляр\ шайнау беттері, вестибулярлы, оральді, дистальді, медиальді бетіне қарағанда –тенқалыңырақ /2,81+-0,85-тен 4,27+-2,26 мм дейін/.Бұл қабырғаның мойын деңгейіндегі қалыңдығы 2,08+-0,32-ден 2,68+-0,41 мм дейін /Б.С Ключев/.



- Шайнау тістің дистальді қабырғасы медиальді қабырғасына қарағанда қалыңырақ /2,20+-0,46-0,23 мм/.
- Мезиальді қабырғасы қалыңырақ жоғарғы бірінші премолярды қоспағанда, премолярдың экватор деңгейіндегі оральді қабырғасының қалыңдығы 2,81+-0,86-дан 4,27+-2,26 мм дейін. Жас ұлғая келе вестибулярлы, оральді, медиальді, дистальді қабырғалар қалыңдайды.

- Премоляр мен молярдың шайнау бетінің қалыңдығы $4,28 \pm 1,19$ –дан $5,09 \pm 1,43$ мм дейін. Жас ұлғая келе төмпешіктер кішірейеді, сайлар аумағында ұлғаяды



- Е.И Гаврилов бойынша тістерді егеп болғаннан кейін ұлпа үстіндегі Қатты тіннің қалыңдығы 0,8-1,0 мм-ден кем болмауы керек. Бұл тіс ұлпасының қорғанышын және тіс тұқылының қажетті беріктігін қамтамасыз етеді.

- Төменгі жақтағы орталық күрек тістің кесу қырының егеу тереңдігі 1,5 мм дейін, бүйірде 1,8 мм дейін, жоғарғы орталық күрек тістерде және екі жақтың сүйір тістерінде 1,8-2мм дейін, бүйір тістердің /үлкен азу тістер мен кіші азу тістер/ шайнау бетінен 2 мм дейін.
- Бүйір тістің қатты тіндері аз мөлшерде егеледі /0,5-1,2 мм/, оларда кіреуке және дентин қабаты жұқарак болады. Бұл жерде әр тіс қалыңдығын ескеру керек.
- Егеу кезінде тіс ұлпасының зақымдану қаупін азайту үшін, үлкен азу тістердің тұтас құйылған сауытын керамикамен әрлеуге болмайды.

Тірек тістерді егеуде дайындаудың клиникалық кезеңі

- Жалпы тістерді жансыздандырып, егеп болған соң, қос қабатты қалып алынады.
- Орталық окклюзияны анықтау;
- Егелген тістерге уақытша сауытты немесе көпір тәрізді протезді бекіту;
- Жасанды сауыттың қаңқасын шақтап көру;
- Сауытты ауыз қуысына бекіту.

Консольді протезді дайындаудың клиникалық және лабораториялық кезеңдері:

- - тірек тістерді егеу және қалып-өлшем алу;
- - тіс қатарларының орталық арақатынасын анықтау;
- - лабораторияда протездің тірек элементін (толық жасанды сауыт) жасау;
- 165
- - тірек элементті егелген тіске шақтап көру, қалып-өлшем алу;
- - қалыптың сынықтарын желімдеу және одан мүсін құю;
- - протездің денееін балауызбен мүсіндеу;
- - балауыз дайындықты металға ауыстыру;
- - протездің бөліктерін дәнекерлеу;
- - протезді өңдеу және жылтырату;
- - протезді тірек тіске бекіту.

Пластмассадан көпір тәрізді протез жасау технологиясы

- Тірек тістерді 0,5-1,0 мм-дей қалыңдыққа егейді. Бұл сауыттың мықтылығын қамтамасыз етіп, көпір тәрізді протезді бекіткен соң оның түсін өзгерпеуін қамтамасыз етеді. Тістің тістеу қыры немесе төмпешіктерін 1-1,2 мм-ге қысқартады, ал тістің тіл және тандай бетін 0,5 мм қалыңдыққа, ал кіре беріс бетін- 0,7 мм-ге дейін егейді. Тістің клиникалық мойын тұсында айналдыра кертпе жасайды. Тірек тістердің ортаңғы остері бір-біріне параллель болулары керек.

Штампталып-дәнекерленген көпір тәрізді тіс протезін дайындау технологиясы

- Бірінші клиникалық кезең - протез конструкциясын таңдау, тірек
- тістерді дайындау және қалып-өлшем алу. Тірек тістерді егеп дайындау техникасы жеке штампталған тіс сауыттарына өте ұқсас, тек қана бір ерекшелігі бар; ол - тірек тістерге параллельдік беру, басқаша көпір тәрізді протезді тірек тістерге отырғызу қиын, кей жағдайларда мүмкін емес. Тірек тістер толық өңделіп болғаннан соң, тіс қатарларынан толық анатомиялық жұмысшы және қосымша қалып-өлшемдер алынады.

Қорытынды:

- Көптеген бақылаулар көрсеткендей, тісті егелеу барысында пайда болатын жылу тіс тініне және толығымен ағзаға әсері етеді. Эмальдың жылуға деген тұрақтылығы төмен. Бұзылыстар эмальдың белокты-минеральды комплексін қамтиды, ол эмаль призмаларының өзгеруіне алып келеді.

Қолданылған әдебиеттер:

- Алтынбеков К.Д., Мирзабеков О.М., Нысанова Б.Ж. Тіс протездерін жасау технологиясы. Оқулық - Алматы «Эверо», 2011 ж. - 316
- www.google.ru
- www.yandex.kz